 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сана нысаны	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	4 беттің 1 беті

## «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ №6 ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

«19» наурыз 2025 жыл

**Отырыс форматы:** онлайн/оффлайн

**Отырыс басталуы:** 15:00

**Қосылуға сілтеме:**

<https://us06web.zoom.us/j/81025518838?pwd=ViP738DkzJDnFzSWebha3PUn5Jwpa.1>

**Отырыс материалдарына сілтеме:**

<https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/materialy-zasedaniy-umo/materialy-k-zasedaniyu-umo-ot-21-11-2024-g/>

**Қатысқандар:**


1. ОӘБ төрағасы: А.А. Турмухамбетова
2. ОӘБ төраға орынбасары: Б.С.Имашева
3. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: В.В. Койков
4. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: А.Б. Жүнісова
5. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: М.А.Газалиева
6. «АстМУ» КеАҚ Академиялық жұмысты жоспарлау және дамыту бойынша орталығының басшысы: А.К.Досанова
7. ОӘБ мүшесі, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Алқалы Кеңестің Мүшесі Р.С.Досмагамбетова
8. ОӘБ мүшесі, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы: К.К. Досмамбетова
9. ОӘБ хатшысы: А.М. Тулегенова

Мүшелер: Оқу-әдістемелік бірлестіктің 62 мүшесі (нысан-Google Forms/QR кодының нәтижелері коға беріледі)

### КҮН ТӘРТІБІ

1. Мемлекет басшысының жолдауын орындау мақсатында гранттардың сараланған көлемдерін енгізуді және оларды оқу үдерісінің деңгейіне қарай бөлуді қарастыру. Баяндамашылар – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің директорының орынбасары А.О. Мысаев, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаменті Медициналық білім басқармасының басшысы А.Қ. Ізденев.
2. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау саласындағы ОӘБ-тің қолданыстағы құрылымына өзгерістер енгізуді қарастыру. Баяндамашы – ОӘБ төрағасының орынбасары Б.С. Имашева.
3. Өртүрлі
  - 3.1 Сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту: «Пульмонология (балалар)» (24кр./720сағ.) әзірлеуші - «С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ; «Отбасылық медицина» (30кр./900сағ.) әзірлеуші «Астана медицина университеті» КеАҚ; – баяндамашы Қосымша және формалды емес білім беру секциясының төрағасы А.А. Сұлтанғазиева.

ОӘБ төрағасы А. А. Турмухамбетова "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ жаңа мүшесін, медицина ғылымдарының докторы, профессор Раушан Сұлтанқызы Досмагамбетованы таныстырды. Әрі қарай күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға кірісті.

	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <b>Сапа нысаны</b>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1
	<b>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</b>	4 беттің 1 беті

### 1-сұрақ.

**Мемлекет басшысының жолдауын орындау мақсатында гранттардың сараланған көлемдерін енгізуді және оларды оқу үдерісінің деңгейіне қарай бөлуді қарастыру.**

#### **ТЫНДАЛДЫ:**

ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары А. О. Мысаев Мемлекет басшысының Жолдауын орындау үшін гранттардың сараланған мөлшерін енгізуді және оларды білім беру процесінің деңгейіне қарай бөлуді қарастыру бойынша баяндама ұсынды (баяндама қоса беріледі).

**СҰРАҚТАР:** *ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова:* ЖОО-лардың қолданыстағы Ұлттық рейтингі бола тұрып "Денсаулық сақтау" бағыты бойынша ЖОО-лар үшін жекелеген рейтингтің қажеттілігі туралы, университеттің өз клиникасының болу критерийі, ПОҚ-ның қоғамдық маңызы бар жобаларға қатысуы туралы сұрақтар қозғады.

*«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Коллегиялық Кеңесінің мүшесі Р.С.Досмағамбетова:* рейтингтік бағалаудың мамандықтар бойынша жоспарлануы жөнінде.

#### **ТҮСІНІКТЕМЕ:**

*Академик Батпенев Н.Д. атындағы ҰФПТОО Ғылым және білім беру орталығының басшысы Сагинова Д.А.:* бұл рейтингтік жүйе ФЗИ, ҰО-ға қарағанда жоғары оқу орындарына көбірек бағытталғаны жөнінде.

*ҚазҰМУ академиялық блогының проректоры Ж.А. Қалматаева:* жалпы рейтингтік бағаны алдын ала модельдеуді және ұпайларды есептеуді ұсынды.

*«ОҚМА» АҚ ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі Проректор Б.Қ. Нұрмашев:* Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті басылымдарын рейтингтік жүйеге енгізуді ұсынды.

*"АстМУ" КеАҚ проректоры В. В. Койков:* рейтингтегі кәсіби стандарттар бойынша өлшем дұрыс болмайтынын атап өтті.

#### **ШЕШІЛДІ:**

1. Мемлекет басшысының Жолдауын орындау шеңберінде гранттардың сараланған мөлшерін енгізу және оларды білім беру процесінің деңгейіне қарай бөлу жөніндегі ақпарат назарға алынсын.
2. Білім және ғылым ұйымдары **2025 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде** білім беру және ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті Біріккен рейтингтік бағалауға ұсыныстар берсін.
3. С. Қайырбекова атындағы ҰҒДДО әрбір ЖОО деңгейінде Біріккен рейтингтік бағаны сынақтан өткізсін. **Мерзімі - 2025 жылғы сәуір.**

#### **Онлайн дауыс беру нәтижелері:**

«келісті» - **35 дауыс**

«қарсы» - жок

«қалыс қалды»- 24 дауыс


### 2-сұрақ.

**«Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау саласындағы ОӘБ-тің қолданыстағы құрылымына өзгерістер енгізуді қарастыру.**

#### **ТЫНДАЛДЫ:**

"Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша ОӘБ қолданыстағы құрылымына өзгерістер енгізуді қарастыру туралы ОӘБ төрағасының орынбасары Б.С. Имашева баяндама жасады (баяндама қоса беріледі).

#### **ТҮСІНІКТЕМЕ:**

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</i>	4 беттің 1 беті

"АстМУ" КеАҚ проректоры А.Б. Жүнісова, "Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы" АҚ Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры М.У. Анартаева: Академиялық жұмыс бөлімдерінің директорларын секция құрамына енгізу туралы ұсыныс. ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова: бірінші отырыста секция мүшелеріне секция төрағаларын таңдау құқығын беру туралы ұсынды.

ҚР ДСМ Ғылым және адам ресурстары департаменті директорының орынбасары А. О. Мысаев, «ОҚМА» АҚ Ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі проектор Б.Қ. Нұрмашев: магистратура және докторантура бойынша жеке секция құру туралы ұсынды.

ҚжФЕББ секциясының төрағасы А.А. Сұлтанғазиева: ҚжФЕББ секциясын бөлек қалдыруды ұсынды, өйткені жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және қосымша, формалды емес білім беру НҚА бір-бірімен қиылыспайтынын айтты.

"Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" КеАҚ жоғары медицина мектебінің директоры С. К. Мұратбекова: көпсалалы жоғары оқу орындарының академиялық қызметі жөніндегі проректорларын секция құрамына қосуды ұсынды.

#### **ШЕШІЛДІ:**

ОӘБ жаңартылған құрылымын 3 секциямен – жоғары білім секциясы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім секциясы, қосымша және формалды емес білім секциясы бекітілсін.

#### **Онлайн дауыс беру нәтижелері:**

«келісті» - **31 дауыс**

«қарсы» - **жоқ**

«қалыс қалды»- **жоқ**

### **3. Әртүрлі**

**3.1 Сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту: «Пульмонология (балалар)» (24кр./720сағ.) әзірлеуші - «С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ; «Отбасылық медицина» (30кр./900сағ.) әзірлеуші «Астана медицина университеті» КеАҚ.**

#### **ТЫНДАЛДЫ:**

Қосымша және формалды емес білім беру секциясының төрағасы А.А. Сұлтанғазиева сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын: "Пульмонология (балалар)" (24кр./ 720 сағат) әзірлеушісі "С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" КеАҚ; "Отбасылық медицина" (30кр./ 900 сағат) әзірлеушісі "Астана медицина университеті" КеАҚ бекітуге ұсынды (баяндама қоса беріледі).

#### **СҰРАҚТАР:**


«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы К.К. Досмамбетова: СК ББ бір бағдарламасын барлық басқа жоғары оқу орындарының қолдануы туралы.

«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Алқалы Кеңестің Мүшесі Р.С.Досмағамбетова: СК ББ-ны практикалық денсаулық сақтау өкілдерімен талқылау туралы.

#### **ШЕШІЛДІ:**

1. Денсаулық сақтау саласындағы сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын: "Пульмонология (балалар)" (24кр./ 720 сағат) әзірлеушісі "С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" КеАҚ; "Отбасылық медицина" (30кр./ 900 сағат) әзірлеушісі "Астана медицина университеті" КеАҚ бекіту.
2. Әзірлеушілер сертификаттау курсының білім беру бағдарламаларын Каталог АЖ-де орналастырсын. **Орындалу мерзімі-2025 жылғы 31 наурызға дейін.**
3. С.Қайырбекова атындағы ҰҒДДО Каталог АЖ-де сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын өзектендіру және ОӘБ отырысында бекітілмеген СК ББ жою, ақпаратты келесі отырысқа ұсыну.

#### **Онлайн дауыс беру нәтижелері:**

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-24
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	Бас. № 1 4 беттің 1 беті

«келісті» - 57 дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды»- жоқ.

**3.2. Интернатура және резидентура ББ емтихан материалына сараптама жүргізу туралы ақпарат.**

**ТЫҢДАЛДЫ:**


«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы: К.К. Досмамбетова интернатура және резидентура ББ емтихан материалына сараптама жүргізу туралы ақпаратты ұсынды (баяндама қоса беріледі).

**ТҮСІНІКТЕМЕ:**

"Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" КеАҚ жоғары медицина мектебінің директоры С. К. Мұратбекова: тест тапсырмаларын мемлекеттік тілге аудару сапасын жақсарту туралы ұсынды.

РОӘК ОӘБ төрағасы

Хатшы


А.А. Турмухамбетова

А.М. Тулегенова

